

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т.II. - Б. 172-173

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДАҒЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ РӨЛІ (АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ САЛДАРЫ МЫСАЛЫНДА)

Жұмахан Ф.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында еліміздің ұлттық білім беру жүйесінде «Қазақстандық патриотизм» ұғымы қолданылуда. «Қазақстандық патриотизм» арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, туған өлке туралы түсініктер оқу-тәрбие үрдісінде, сабақтан тыс іс-шараларда Отансүйгіштік сезімді дамытуға, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу сияқты сезімдерді студенттер бойында қалыптастыру жүзеге асырылуда. Осыған орай жастар арасында Ауған соғысының қыр-сыры мен салдарын түсіндіру бүгінгі күні қажет мәселе деп ойлаймыз. Кеңес дәуірі кезеңіндегі кереғар саясаттың салдарынан тарих бетінде өшпес із қалдырған Ауған соғысының басталғанына 40 жыл толса, аяқталғанына 30 жыл толғалы отыр. Қазіргі жариялық заманда қанша құпия құжаттар жарияланғанымен, көптеген еңбектер жазылғанымен Ауған соғысы - әлі де зерттеуге тұрарлық тарихи оқиға. Айтылмаған ақиқаттар мен ашылмаған мәселелер бітер емес.

Кеңес Одағы басшыларының шағын тобы 1979 жылдың желтоқсанының 12-і күні Ауғанстанға кеңес әскерін енгізу туралы шешім қабылдауымен соғыс басталды. Сол айдың 27-і жұлдызында Кеңес әскерінің шектеулі контингенті Ауғанстан шекарасынан өтіп, онда 1989 жылдың 15 ақпанындағы Женевадағы келісім қабылданғанға дейін соғыс қимылдарын жүргізді [1]. 110 айға созылған бұл соғыстың құрбандары да аз болмады. Осы уақыт аралығында КСРО-ның 620 мың азаматы Ауғанстан елінің шекарасынан өтті. Әскер қатарында 21 мың адам жұмысшы және қызметші кәсібімен айналысқан [2, 377-б.]. Соғыс біткеннен кейін кеткен жауынгерлердің қанша бөлігі отанына қайта алмады? Бір санитарлық шығынның өзінен 469 мың 685 адам зардап шегіп, соның ішінде 11 мың 654 адамы армиядан босатылды. Оның 92%-ы мүгедек болды [3, 405-б.]. Бұл көрсеткіштердің арасында қазақстандықтардың саны жоқ емес. Қазақстан республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің көрсеткіштері бойынша соғыс аяқталғаннан кейін елімізде мүгедектігі үшін 262 адам зейнетақы алған [4]. Бұның өзі толық көрсеткіш емес.

Ауған соғысынан қайтып келмеген адам шығыны 14 мың 453-ке жетті [3, 378-б.]. Көптеген отбасының шаңырағы шайқалды, аналар балаларынан, әйелдер тірегінен, балалар асқар тауынан айырылды. Із-түссіз жоғалғаны қаншама! Қайтып келгендердің өздері әлі де соғыс зардаптарын шегуде.

Жұқпалы дертпен ауырып, кейбірі аяқ-қолдан айырылып мүгедек болып қалды. Ал қайтып келгеннің өзінде жағдайлары қалай болды?

Ауған соғысының әскер қатарынан келген азаматтар көп уақыт ардагер ретінде мәртебе ала алмай келді. Мәселен, 2007 жылы соғысқа қатысушылардың бірі үшінші топтағы мүгедек Тойбаев Дүйсенбек сұхбатында былай айтады: «Егер бізге «соғыс ардагері» деген мәртебе берілсе, онда Ұлы Отан соғысының ардагерлері секілді әлеуметтік кепілдіктерге ие болар едік. Ал қазір, заңмен қорғалмағандықтан, шенеуніктерге де өтініш жасап бара алмайсың. Өйткені, олардың айтатын жауабы белгілі, біз сендерді онда жіберген жоқпыз дейді. Ал мемлекет бізге оң көзқарас танытатын болса, онда қоғамның да, билік өкілдерінің көзқарасы да өзгереді» [5]. Бұл сөздерден байқайтынымыз соғыс біткелі 10 жыл көлеміндей уақыт өтсе де, өкімет тарапынан қажетті көңіл бөлінбеген. Алайда, кейіннен келе Ауған соғысы ардагерлеріне «жауынгер-интернационалистер» атағы берілді.

Қазіргі таңда жауынгер-интернационалистерге көмек ретінде көптеген іс-шаралар, соның ішінде әлеуметтік көмек, ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімі, еске алу кештері, жастар арасында түсіндіру жұмыстары арқылы ардагер үйінің ауласын тазалау, еріктілердің күнделікті тіршілік істерін атқарып беруі жүргізілуде. Осы мәселе жайлы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Ауған соғысы ардагерлері ұйымдарының "Қазақстан ардагері" Қауымдастығының төрағасы Бақытбек Смағұлдың баяндамасындағы мына сөздері көзіме ерекше түсті : "Біз ауған соғысы және жергілікті қақтығыстарға қатысушы ардагерлердің ең өткір проблемаларының шешілуі ардагерлердің халықпен мақсатты жұмысына ізгі ықпал етіп, тың серпін береді деген сенімдеміз. Бұл жұмыс өз кезегінде ортақ іске - жас ұрпақтың санасын жаңғыртуға ардагерлік ұйымдар тарапынан қосылар қомақты үлеске айналады. Ауған соғысы ардагерлерінің ұйымдары намыс пен парыз қағидаттарын басшылыққа ала отырып, сыртқы қатерлерден елді қорғаудың әрдайым алдыңғы шебінде болатынын атап өткім келеді. Біздің жауынгерлердің әрқайсысы қаһарман халқымызға тән қажырлылық пен қайсарлық, батылдық пен жігерлілік секілді асыл қасиеттерді паш етіп, тағылым-өнеге көрсетуге кез келген уақытта дайын" [6]. Соғыс ардагерлерін үлгі ретінде көрсету жастарға тәрбиелік жағынан әсер етеді. Патриоттық сезімді оятумен қатар қоғамдық-әлеуметтік жұмыстарға белсенді араласуына септігін тигізеді.

Қорыта айтқанда, Ауған жеріне әскер жіберуі Кеңес үкіметінің қателігі деп ойлаймыз. Елдің бар күші пайдасынан зияны көп он жылға созылған соғыс қажеттілігіне жұмсалды. Адам шығына да аз болған жоқ. Соғыс зардабын әлі де тартып жатқандар бар. Бірақ саяси жағынан қарағанда келешекке үлгі ететін тәжірибе болды деп санаймыз. Ел қауіпсіздігі мен бейбіт өмірін қамтамасыз етуде шешім қабылдау кезінде осы тәжірибеге сүйену қате болмас.

1 Аманқызы Д. Ауған соғысы ардагерлері-жоғары рухтың айқын көрінісі // Кербұлақ жұлдызы. - 2018 ж. - 23 ақпан.

2 Сайлан Б.С. *Біз болған соғыс.* – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 444 б.

3 Потери Вооруж. сил СССР в войнах, боевых действиях и воен. конфликтах: Стат. исслед. / Под общ.ред. Г.Ф. Кривошеева. М.: Воениздат, 1993, 416 с. Гриф секретности снят

4 Мұқан Р. Ауған соғысына қатысқан қазақстандық азаматтар ардагер ретінде хұқықтық мәртебеге ие болуды көздеп отыр // Азаттық радиосы, 2007 ж. - 2 ақпан.

5 Мәжілісте ардагерлерді әлеуметтік қорғау мәселелері талқыға салынды // «Kazakhstan today» ақпараттық агенттігі, 2018 ж. - 1 наурыз.

6 Sergienko E.A. (2013). The problem of relationship between subject and personality. Psychological Journal, Volume 34, No.2, 5-16.

Ғылыми жетекшісі: PhD докторы, Қоскеева Ә.М.